



АЛПАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№34 (148) 5 тамыз 2026 жыл

● ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ – «КІТАППЕН – КЕЛЕШЕККЕ»

Еліміздің жасампаздық пен жаңаша жаңғыруға деген ұмтылысы мен құлшынысы халық тарапынан қалтқысыз қолдау тауып келе жатқаны кімді болсын қатты ризашылыққа бөлейді. Осы тұрғыдан алғанда жан жадыратарлық жарқын мысалдар мен көңілді көкке жетелер көп-көрім көріністер бар екенін қалың бұқараның алдына көлденең тартқан артық болмайды.

Таяуда мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру» жөніндегі шаралар туралы Жарлығына сәйкес Шамалған ауылдық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен осы ауылдағы «Атамекен» тарихи-мәдени орталығында «Кітаппен - келешекке» атты тақырыпта дөңгелек үстөл өткізілді.



Аталған игілікті іс-шараға аудан көлеміндегі мәдениет және кітапхана қызметкерлері, оқу-ағарту саласындағы ұстаздар қауымы мен ардагерлер, жастар, ауыл тұрғындары қатынасты. Салтанатты жағдайдағы осынау іс-шараны аталған орталықтың директоры Шарбану Қалиева кіріспе сөз сөйлеп ашып, оның мәні мен маңызына жиналған жұртшылықты жан-жақты хабардар етті. Бұдан кейін сөз алған Шамалған округі әкімінің орынбасары Нұргүл Шаяхметова өз сөзінде: -Ауылдық ардагерлер ұйымының жақсы іске жанашырлықпен қарап, бастамашы болып отырғанын мен де қуана құптаймын. «Зерделі ұлт» аясы ауқымындағы жобаның іске асырылып жатқандығы ұлттық руханиятымызды дамытудың нақты дәлелі бола алады. Біздің еліміздің ертеңгі күні тізгінін ұстар жас ұрпағымызға берері көп. Сондықтан да онда қойылған міндеттер мен талаптарды мүлтіксіз түрде жүзеге асырған абзал. Сонда ғана оның нақты нәтиже беретініне менің сенімім мол, - деп ол біраз ойларын ортаға салды. Келесі кезекте сөз алған Шамалған ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Қанат Қатубаев та өзекті мәселенің төңерегінде өзінің ойлары мен пікірлерін және ұсыныстарын көпшіліктің алдына көлденең тартты.

– Елімізде зерделі ұлтты қалыптастыру мен кітап оқытуды дамыту ісі айтар ауызға оңай болғанымен, оны тиянақты түрде іс жүзіне асырып, нәрілі нәтижесін көру оңай шаруа емес. Ол үшін бізге, бәрімізге бұл ортақ міндет екенін терең сезініп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруымыз керек. Мектептегі және мектептен тыс жүрген жастарымыз әдеби кітаптарды оқуға деген құштарлығын оятып, кітапханалардың тұрақты оқырманына айналса, біздің мақсатымыздың абыроймен орындалғаны деп білемін. Сондықтан да осы жағынаан-тәнімізбен атсалысайық, ағайын - деді ол.

Дөңгелек үстөлдегі бағдарлама бойынша ендігі кезекте танымал жеті жазушының халыққа кеңінен таралып кеткен шығарма-

лары таразы талқысына түсіп, кеңінен сараптамаға салынды. Бұл орыда аудандық кітапхананың кітапханашысы Ақырыс Елубаева арнайы түрде дайындалған бейнекөрініс арқылы өзінің сөзін сабақтап кетті. Ол белгілі жазушылар Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы», Әбіш Кекілбаевтің «Үркер», Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр», Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран», Смағұл Елубаевтың «Ақбоз

ұй», Оралхан Бөкейдің «Ұйқым келмейді», Дулат Исабековтің «Қарғын» шығармаларына айырықша тоқталып, аталған кітаптардың мәні мен мазмұнына, идеялық түп-тамырына, тәлім-тәрбие берер тағлымдарына жеріне жеткізе талдау жасады.

Осынау басқосуда аудан мектептерінен келген кітапханашылар жағы асқан белсенділік танытты. Олар жоғарыда аталған ав-



торлардың шығармаларына өз тараптарынан талдау жасап, жаңаша қырынан қарап, олардың көркемдік әрі көтерген жүгіне ерекше тоқталып, тілі мен стиліне де тиісті бағаларын берді. Атап айтқанда, «Үшқоңыр» орта мектеп-гимназиясының кітапханашысы Райхан Жапарова Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясына қатысты берген түсініктемесінде ақыл-ойының өзіндік даралығымен тыңдаушыларды тәнті етті.

Сол сияқты Ә.Бұқарбайқызы атындағы орта мектептің кітапханашысы Гүлбану Әбдікерімова мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Еңбек Ері Дулат Исабековтің «Қарғын» романы жайлы тереңнен ой қозғап, бұл шығарманың алар орнының айырықша екенін ерекше толғаныспен тіліне тиек етті. Оның әділдік тұрғысынан айтқан боямасы жоқ берген бағасына риза болмаған адам жоқ шығар. Оған жұртшылық қошеметпен қол соғып, қолдағандарын көрсетті. Бұл кітапханашы Мұх-

тап Әуезовтің «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін – кітап. Білімге бастар жолдың бірі - кітап» деген сөздерін өзінің шынайы білгірлігімен дәлелдеп берді.

Ал, Шамалған ауылдық кітапханасының кітапханашысы Жайна Арыстанбекованың да жазушы Смағұл Елубаевтың «Ақбоз үй» романының желісі бойынша айтқан әңгімесі де әсерлі шықты. Сонау отызыншы жылдардың ауқымындағы ашаршылықты суреттеген бұл шығарманы кім болса да тебіренбей, толқуға берілмей оқымай қоймайтынын айтты. Оған шығармадағы ақиқат шеңберінде өрнектелген өмір суреттері таза куә боларлық. Ең бастысы қатпарлы қалың романдағы адам төзгісіз оқиғалар тізбегі оқырманның есінде мәңгі қалатынын жан жүрегімен жеткізді.

Сондай-ақ, «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының кітапханашысы Аида Жамбылқызы орталық кітапханасының жай-жапсарынан қатынасушыларды жан-жақты хабардар етті. Өте маңызды мағұлматтарды саналарына сіңірді. Осы жерде Қарасай батыр атындағы орта мектептің кітапханашысы Гүлзира Базарбаеваның мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы-драматург Оралхан Бөкейдің «Ұйқым келмейді» шығармасы барысында білдірген ой-пікірлері де көптің көңіліне қонымды болды. Ал, М.Әуезов атындағы орта мектептің кітапханашысы Гүлзира Үсенбекова Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романы туралы сабақтаған сөзі де қатынасушыларды қайран қалдырды.

Тақырып аясында «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының бас қор сақтаушысы Бұлбұл Нұрбекова, ауыл ақсақалы, 80 жастың сенгіріндегі Есіркеп Шәдібеков және көпті көрген көнекез қария Нұржан Мүсірәлілер халық арасында кітап оқытуды дамыту жөніндегі кездесіп отырған проблемаларды және оны қалай дұрыс жолға қоюдың тиімді жолдарын көрсетіп берді. Әсіресе,



отырыс барысында айтылған мектеп кітапханашыларының бүгінгі күнде мектеп кітапханаларында кітап қоры тапшылығы жайында айтқан тілектері мен өтініштері де ескерусіз қалмады. Бұл жағын дөңгелек үстөлге қатынасушылар шеттерінен орнықты түрде әңгіме жасады. Бұл мәселені тиісті орындарға жеткізетіндіктеріне түйінді тұжырым жасады.

Сөйтіп, «Зерделі ұлт» жобасы аясындағы «Кітаппен - келешекке» атты дөңгелек үстөлді ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Қанат Қатубаев қорытындылап, қатынасушыларға сәттіліктер тіледі. Жиын соңынан көпшілік қауым «Атамекен» тарихи-мәдени орталық кітапханасының жай-күйімен танысты.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қасқелен қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы.
Қарасай ауданы,
Шамалған ауылы.

ЖАҢАЛЫҚТАР

Қонаевтағы ойын бизнесі бюджетке 25 млрд теңге әкелді

Алматы облысындағы заңды ойын бизнесі субъектілерінен алты ай ішінде мемлекеттік бюджетке 25 млрд теңге салық түсті. Оның 10,6 млрд теңгесі өңірлік бюджетке аударылды.

Алматы облысы әкімдігінің мәліметінше соңғы екі жарым жылда саладан мемлекеттік бюджетке жалпы 184,7 млрд теңге салық түскен. Оның 53,8 млрд теңгесі өңірлік бюджет кірісіне бағытталған.

Қазіргі уақытта Қонаев қаласында ойын бизнесі саласында 21 нысан жұмыс істейді. Оның ішінде 5 казино, 13 букмекерлік кеңсе, 3 ойын автоматтары залы бар. Бұл салада шамамен 2,5 мың адам еңбек етеді.

Алматы облысы Туризм басқармасының мәліметінше Қонаев қаласындағы казиноларға келушілердің шамамен 20 пайызы – шетел азаматтары.

Алматы облысы Туризм басқармасының басшысы Қуанышбек Мирамбекұлының айтуынша Қонаевқа келген әрбір турист қонақ үйлерге орналасып, қоғамдық тамақтану орындарын, көлік, сауда және басқа да қызмет түрлерін пайдаланады.

Конаев может стать площадкой для проведения чемпионата мира F1 H2O

Всемирно известный чемпионат по водно-моторному спорту F1H2O может проводиться на Капшагайском водохранилище в течение ближайших пяти лет. Организаторы международного чемпионата посетили Алматинскую область, где провели встречу с акимом региона Маратом Султангазиевым, сообщили в акимате Алматинской области.

По итогам переговоров представители международной организации F1H2O, компании iHolding, официальной делегации Саудовской Аравии и аким Алматинской области подписали соглашение, предусматривающее проведение этапа чемпионата мира F1H2O в Конаеве в 2027 году.

По данным ведомства, Казахстан станет шестой страной, принимающей чемпионат мира. Ожидается, что соревнования посетят не менее 5 тысяч иностранных гостей. С учетом местных жителей и туристов общее число зрителей будет значительно выше. Кроме того, трансляцию гонок, посвященных мастерству и скорости на воде, по прогнозам, посмотрят около 1 миллиарда зрителей по всему миру.

«Саудовская Аравия успешно реализует масштабные спортивные проекты мирового уровня, уделяя особое внимание развитию международных соревнований и популяризации здорового образа жизни. Алматинская область также активно развивает это направление. Ежегодно на Капшагайском водохранилище проходят ультрамарафон Tengri Ultra и международные соревнования по плаванию на открытой воде Oceanman, а также проводятся спортивные мероприятия республиканского уровня. Проведение подобных международных турниров способствует развитию туризма и открывает новые возможности для социально-экономического развития региона. Поэтому мы готовы совместно реализовать этот проект», — отметил Марат Султангазиев.

В свою очередь председатель правления и представитель организации KSA ProMediaPortal и F1H2O Яссер Али Аль-Ями сообщил, что в настоящее время в чемпионате участвуют 11 государств.

Таким образом, по информации местных властей, в течение ближайших пяти лет Алматинская область будет принимать любительей спорта со всего мира, а город Конаев превратится в один из крупнейших туристических центров региона.

Алматы облыстық сотына жаңа төраға тағайындалды

KAZINFORM – ҚР Президентінің Жарлығымен Нариман Бекназаров Алматы облыстық сотының төрағасы болып тағайындалды, деп хабарлайды Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі.

Жаңа төрағаны облыстың судьялар корпусына Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Аслан Түкиев таныстырды. Салтанатты рәсімге Алматы облысының әкімі Марат Сұлтангазиев, судьялар, құқық қорғау және мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ сот қызметкерлері қатысты.

Аслан Түкиев Жоғарғы Сот төрағасының атынан Нариман Бекназаровты жаңа қызметімен құттықтап, оның сот жүйесіндегі, соның ішінде Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы ретіндегі көпжылдық тәжірибесіне тоқталды.

– Нариман Бекназаровтың күрделі азаматтық-құқықтық және экономикалық дауларды қарауда жинақтаған тәжірибесі Алматы облысында сұранысқа ие болады. Қазіргі жағдайда сот практикасының тұрақтылығын қамтамасыз ету, инвесторлардың құқықтарын сенімді сот арқылы қорғау және кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы құқықтық орта қалыптастыру ерекше маңызды, – деді Аслан Түкиев.

Ол бұл міндеттердің заң үстемдігін, судьялардың тәуелсіздігін және сот шешімдерінің әділдігін сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс екенін атап өтті.

– Өңірдің судьялар корпусы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғау, сот төрелігін сапалы жүзеге асыру арқылы облыстың инвестициялық тартымдылығын нығайтып, сот билігінің беделін арттыру бағытындағы жұмысты жалғастырады деп сенемін, – деді ол.

Ресми бөлімнен кейін Аслан Түкиев Алматы облыстық сотының жаңа ғимаратының құрылыс алаңына барып, құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

● БАСЫМ БАҒЫТ

Үлкенді сыйлау - ұлттың ұлы дәстүрі

Қазақ халқының рухани болмысын айқындайтын, ғасырлар бойы үзіл-мей жалғасып келе жатқан асыл қасиеттердің бірі – үлкенді сыйлау. Бұл – тек әдептілік қағидасы ғана емес, ұлттың тәрбиелік мектебі, адамгершілік өлшемі, мәдениетінің көрінісі. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген қанатты сөз қазақтың өмір сүру салтына айналып, әрбір отбасының тәрбиелік ұстанымы болды.

Ата-бабаларымыз үлкенді құрметтеуді өмірлік заң деп білді. Жасы үлкен адамға жол беру, төрге шығару, сөзін бөлмеу, бағасын алу, ақылына жүгіну – қазақ қоғамының қалыптасқан дәстүрі. Өйткені өмірдің ыстық-суығын көрген қария – тұтас бір мектеп, тұтас бір тарих. Оның әрбір сөзі – кейінгі ұрпаққа өнеге, әрбір ісі – тәлім.

«Қариясы бар үйдің қазынасы бар» деген халық даналығы бекер айтылмаған. Себебі қариялар – өткен мен бүгінді жалғап тұрған алтын көпір. Олар елдің басынан өткен қиын кезеңдерді, халқымыздың салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын жастардың санасына сіңіріп келеді. Сондықтан үлкендердің өмірлік тәжірибесін тыңдау – әрбір жас үшін үлкен мектеп.

Бүгінде қоғам қарқынды өзгеріп, технология қарыштап дамып келеді. Ақпарат ағыны күшейіп, жастардың өмір салты өзгерді. Алайда қандай заман келсе де, ұлттық құндылықтардың орны ешқашан өзгермеуі тиіс. Өйткені тамырынан ажыраған ағаштың көгермейтіні секілді, ұлттық тәрбиеден алыстаған ұрпақтың рухани байлығы да әлсірейді.

Өкінішке қарай, соңғы жылдары үлкенге құрмет көрсету мәдениетінің әлсіреп бара жатқаны туралы пікірлер жиі айтылады. Кейбір жастар қоғамдық көлікте қарияларға орын беруді ескермейді, үлкендердің сөзін тыңдауға құлықсыздық танытады. Мұндай жағдайлар халқымыздың тәрбиелік ұстанымына жат. Бұл ең алдымен отбасы тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу қажеттігін көрсетеді.

Тәрбие бесіктен басталады. Бала ата-анасының іс-әрекетіне қарап өседі. Егер әке-шешесі өз ата-анасына құрмет көрсетіп, үлкендерді ардақтап жүрсе, бала да сол үлгіні бойына сіңіреді. Сондықтан үлкенді сыйлау туралы құр сөз айтқаннан гөрі, оны күнделікті өмірде ісімен көрсету әлдеқайда маңызды.

Қазақ халқында батаның орны ерекше. Ақсақалдың ақ батасын алу жас ұрпақ үшін үлкен мәртебе саналған. «Баталы ер арымас, батасыз ер жарымас» деген сөздің өзі үлкеннің тілегі мен ықыласының қадірін білдіреді. Баталы ұрпақтың бағы ашылып, ісі оңға басады деген сенім халқымыздың

● ТАЛАНТЫ И ПОКЛОННИКИ

Творческий ритм Байкента

Культура — это не просто концерты, выставки или праздники. Это живая связь поколений, отражение духовных ценностей народа и основа сохранения национального наследия. Именно через искусство люди находят вдохновение, ощущают единство и любовь к своей малой родине.

В минувшем июле в Байкентском сельском доме культуры во второй раз прошёл вечер живой музыки «Ауыл кеші – көңілді». За короткое время этот творческий проект успел полюбить жителям села и стал одним из самых ожидаемых культурных событий.

На сцене выступили сотрудники Дома культуры — Мерей Нусипов и Даулет Стамгазиев. В их исполнении прозвучали произведения разных поколений, давно ставшие любимыми для казахстанских слушателей. Зрители с особой теплотой встречали песни «Жайлауқол кештері», «Іңкәрім-ай», «Ханшайым», «Рақмет, әке», «Сыған серенадасы», «Қайырлы кеш, Алматы», «Менің толқыным», «Найзағай болып», «Күзгі бақ», «Белгісіз жан» и другие известные композиции.

Особую атмосферу вечеру придали приглашённые гости — певица Раушан

имени Нургисы Тлендиева Илийского района Алматинской области и осуществляет свою деятельность около шести месяцев. Несмотря на столь небольшой срок, учреждение уже стало активным центром общественной и культурной жизни села.

За это время коллектив реализовал десятки мероприятий культурно-просветительского, патриотического и духовно-нравственного характера. Помимо государственных и профессиональных праздников, жители приняли участие в литературно-музыкальных концертах, посвящённых Дню влюблённых (15 апреля) и Международному Дню семьи (15 мая), где особое внимание уделялось семейным ценностям, взаимоуважению и доброжелательности.

В рамках инициативы Президента Республики Казахстан по развитию культу-



Мадиханкызы и гитарист Абеу Кордай, подарившие зрителям яркие музыкальные номера.

Концерт сопровождался рассказами об истории создания песен, их авторах и смысле, благодаря чему привычные произведения раскрывались перед слушателями по-новому. На протяжении полутора часов в зале царил искренности, душевная атмосфера, наполненная воспоминаниями, эмоциями и живым звучанием музыки.

Финальной точкой вечера стало совместное исполнение всеми участниками песни «Ауылға барамын», ставшей символом любви к родному краю и уважения к своим истокам.

Байкентский сельский Дом культуры является филиалом № 2 Дома культуры

ры чтения проводились проекты, популяризирующие книгу, а также создавались тематические видеоролики, призывающие молодёжь и взрослых чаще обращаться к литературе.

Коллектив Дома культуры активно поддержал республиканскую экологическую акцию «Таза Қазақстан». Совместно с сотрудниками сельской библиотеки и архива были проведены работы по благоустройству территории, направленные на воспитание экологической культуры и бережного отношения к окружающей среде.

Важное место занимает работа по формированию правовой культуры населения. В рамках принципа «Закон и порядок» были подготовлены информационные видеоролики, а также проведён

дүниетанымында терең орныққан.

Қазіргі таңда мемлекетіміз де ардагерлер мен қарттарға құрмет көрсетуді басты назарда ұстап келеді. Ардагерлер кеңестері, қоғамдық ұйымдар, еріктілер қозғалысы, мектептердегі тәрбиелік іс-шаралар – осының айқын дәлелі. Бұл жұмыстардың басты мақсаты – жастардың бойына үлкенге деген құрмет сезімін қалыптастыру.

Әсіресе ауыл ақсақалдарының, еңбек ардагерлерінің, ұстаздардың, ел ағаларының өнегелі өмір жолын насихаттау – жас ұрпақ тәрбиесінің маңызды бағыты. Олар-елдің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан жандар. Олардың еңбегі мен ерлігі әрдайым құрметке лайық.

Ұлы ойшыл адамгершіліктің негізі – ар мен ұят, сыйластық пен құрмет екенін өсиет етті. Ал жастар тәрбиесінде ұлттық салт-дәстүрдің маңызын ерекше атап өткен. Осындай ұлы тұлғалардың өнегесі бүгінгі ұрпақ үшін де өмірлік бағдар болуы тиіс.

Үлкенді сыйлау – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа салынған берік көпір. Қариясын қадірлеген елдің бірлігі бекем, ынтымағы жарасымды болады. Себебі үлкеннің батасы – елдің ырысы, ақылы – халықтың қазынасы.

Қорытындылай айтқанда, үлкенді сыйлау – қазақ халқының мәңгілік рухани мұрасы. Бұл дәстүрді сақтау – әрбір азаматтың адамдық парызы, перзенттік борышы. Ұлттық тәрбиенің алтын арқауын үзбей, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқорлық таныта білсек, болашағы берік, рухы асқақ ел болып қала береміз. Өйткені үлкенін ұлықтаған халықтың ұрпағы да ұлағатты, келешегі де кемел болмақ.

Алтынбай ШӨКЕНҰЛЫ

круглый стол, посвящённый Конституции Республики Казахстан, вопросам законности и повышению правовой грамотности граждан.

Особое внимание уделяется сохранению национального культурного наследия. В течение полугодия были подготовлены творческие проекты, посвящённые юбилейным датам выдающихся деятелей казахской культуры — Ахмета Жубанова, Бакира Тажибаева и Ильи Жаканова. Ко Дню добры были опубликованы праздничные видеоролики с участием юных исполнителей, исполнивших традиционные песни и юю.

Сегодня при Доме культуры успешно работают кружки традиционного пения, вокала, актёрского мастерства и изобразительного искусства. После проведения кастингов были сформированы творческие коллективы, где дети и молодёжь под руководством опытных наставников развивают свои способности и готовят-ся к участию в культурных мероприятиях. Уже сегодня воспитанники кружков добиваются первых успехов: коллектив актёрского мастерства занял III место на районном театральном конкурсе.

Гордостью Байкентского сельского Дома культуры является ветеранский ансамбль «Ұлағат». Это коллектив единомышленников, который многие годы бережно сохраняет национальные музыкальные традиции, передавая молодому поколению любовь к народному искусству. Благодаря высокому исполнительскому мастерству и активной творческой деятельности ансамбль заслужил признание далеко за пределами родного села и по праву считается одним из лучших самодетельных коллективов Илийского района.

Главная задача Дома культуры — не только организовывать интересный досуг для жителей, но и создавать условия для творческого развития, поддержки талантливой молодёжи, популяризации национального искусства и сохранения духовного наследия.

Коллектив Байкентского сельского Дома культуры и в дальнейшем намерен реализовывать новые проекты, объединяющие жителей разных поколений, открывать новые имена и вносить достойный вклад в развитие культурной жизни села.

Искусство всегда начинается со зрителя. Именно поэтому поддержка жителей, их заинтересованность и участие в культурных мероприятиях становятся главной движущей силой творческого развития. Ведь любовь к искусству — это любовь к своей истории, культуре и Родине.

Жұлдыз Бузаукызы,
директор Байкентского сельского
Дома культуры.

● АУЫЛ АЗАМАТЫ

Уақыт деген өте жүйрік өтеді. Адамның кез-келген жасы қымбат, қадірлі. Бірақ, елу деген-ердің жасы. Адам толысып, ой-өрісі кеңейеді. 50 жас деген- өмірдің жақсы кезені басталатын уақыт. Өйткені елу жас-адам өміріндегі кемелдік пен парасаттың, еңбектің жемісін көретін ерекше белес. Осы мерейлі жасқа толып отырған кәсіпкер Мамут Левиров-адал еңбегімен ел құрметіне бөленіп, қайырымдылықты өмірлік қағидасына айналдырған азаматтардың бірі.

Өмірлік ұстанымы- қайырымдылық



Өмірге тоғызыншы сәби болып келген Мамут кәсіпті шұлық сатудан бастап, 7-8 сыныпта телевизор жөндеумен айналысқан. Ол еңбектен қашпай, сауда-саттықтың қыр-сырын меңгеріп, табандылығы мен іскерлігінің арқасында кәсібін біртіндеп кеңейтті. Бүгінде ол өз еңбегімен жетістікке жеткен, көптеген адамға жұмыс беріп отырған табысты кәсіпкер ретінде танылып отыр. Мамут бүгінде үлкен кәсіп иесі, қолынан келсе, елге жақсы іс жасауға ұмтылады. Кәсіпкер үшін табыс тек жеке жетістік емес, қоғам алдындағы жауапкершілік екенін жақсы түсінетін Мамут мұқтаж отбасыларға қолдау көрсетіп, қайырымдылық шараларына тұрақты қатысып келеді. Жақсылық жасауды азаматтық парыз санайтын ол-көпшіліктің алғысына бөленген жан. Қайырымды іс жасаудан қашпайды, оны ешкімге айтып, жария

етпейді. Республикалық, облыстық, аудан дық газеттерге баспасөзге жазылу кезінде өз көмегін берді.

Отбасына сыйлы әке, қамқор жар, туған-туысқа жанашыр азамат ретінде де құрметке ие. Оның қарапайымдылығы, еңбекқорлығы мен адамгершілігі-кейінгі жастарға үлгі боларлық қасиеттер. Жан-жары екеуі үш ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Жақсылық көрсе тасымай, жаман іс көрсе жасымай жүрген Мамуттың қызы Әмина екеуінің туған күні бір күнде, яғни 16 тамызда екен. Әмина 14 жасқа толады.

Елу жылдық мерейтой өткенге есеп беріп қана қоймай, алдағы асуларға жаңа серпінмен қадам басатын кезең. Осындай мерейлі сәтте мерейтой иесіне зор денсаулық, отбасына амандық, еңбегіне табыс, қайырымды істерінің берекесін тілейміз.

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының
Құрметті азаматы.

● 23-ТАМЫЗ-ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ

БІРЛІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК - ЕЛДІКТІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Мемлекетке жанашыр әр азамат өз тандауын жасап, қоғамдық өмірге араласқанда ғана оң өзгерістердің негізі қаланады. Азаматтық жауапкершілік дегеніміз – тек өз құқығыңды талап ету емес, ел алдындағы міндетін де сезіну. Құрылтай сайлауы – сол жауапкершілікті іс жүзінде көрсететін маңызды мүмкіндік. Сондықтан саяси науқанға үлкен жауапкершілікпен қараған жөн.

Қазақ халқы қашан да бірлікке ерекше мән берген. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген нақыл бүгін де өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Қандай бастама қолға алынбасын, оның нәтижелі болуы қоғамның ауызбіршілігіне байланысты. Құрылтай да елді біріктіретін, жұртшылықтың ортақ пікірін қалыптастыратын маңызды қоғамдық алаң болуы тиіс.

Ардагерлер кеңесі үнемі қоғамдағы татулық пен келісімді, ұлттық құндылықтарды сақтау мен кейінгі буынға өнеге беруді басты міндеттердің бірі санайды. Өйткені тамыры терең, тарихын құрметтейтін халықтың ғана болашағы баянды болады. Құрылтайдың да түпкі мақсаты – қоғамды ұйыстыру, ортақ құндылықтарды нығайту және елдің келешегіне қатысты мәселелерді жұрт-



шылықтың қатысуымен талқылауға жол ашу. Сондықтан бұл сайлауға қатысу – әр азаматтың өз еліне деген жанашырлығының, туған жеріне деген құрметінің көрінісі.

Мен ауданымыздың тұрғындарын осы маңызды саяси науқанға белсенді қатысуға шақырамын. Әсіресе кейінгі буынға үлгі болар аға буын өкілдері бұл іске ерекше жауапкершілікпен қарауы керек деп есептеймін. Өйткені бүгінгі белсенділігіміз ертеңгі ұрпақтың азаматтық ұстанымына ықпал етеді. Бірлігі бекем, ынтымағы жарасқан, елдік мүддені бәрінен жоғары қоятын қоғам ғана кемел келешекке нық қадам басады. Халықтың қолдауымен қалыптасатын Құрылтай да сол береке-бірліктің, ортақ жауапкершіліктің және елге деген адал қызметтің жарқын үлгісіне айналады.

Жұман МЫҚЫБАЕВ,
Еңбекшіқазақ аудандық
ардагерлер кеңесінің
торағасы.

● ТАРИХИ САНА МЕН БАБАЛАР АМАНАТЫ

**Тарих... Тағдыр...
Ұлт... Ұрпақ... – қа-
зақ үшін киелі, қасиетті
ұғымдар. Оған ешкімнің
дауы жоқ. Бұл – өте күрделі
тақырып.**

Ал, Алтай мен Атырау арасын жалғап жатқан, арғы-бергі дәуірлерді бүгінгі ұрпақпен тілдестіретін ұлы сала – тарих екені де даусыз.

Біз – даласы кең болғанымен, тарихтың сан алуан қиын сындарынан өтіп, «мың өліп, мың тірілген», соның салдарынан саны адам сенгісіз азайса да, жер бетінен жойылып кетпеген, өз тағдырын өзгеге талқан-датпаған, діні мен ділі берік, қайсар елміз.

Шынында да, бүгінгі халықара-лық жағдай шиеленісіп, аса күрделі әрі аса нәзік кезеңде әрбір өзін осы жұрттың бір перзенті санайтын азамат туған елінің тағдырына бейжай қарамауы керек.

«Береке басы – бірлік» деген бабалар сөзін естен шығаруға болмай-ды. Себебі, ата-бабаларымыз ел мен жерді қорғау жолында тек білегінің күшіне ғана сенген жоқ. Олар қолындағы ақ семсеріне қалай сенсе, ақыл-парасатына да дәл солай сүйенді. Жазба тарихымыздың ғиыраты мен сабағы бізге осыны үйретеді.

Тарихқа бір шолу жасасак...

Расында, елді ұстап тұрған ең үлкен күш – бірлік. Көне түркі жазбаларында Күлтегін бабамыз: «Тату елге – тыныштық пен тоқшылық нәсіп болар» деп өсиет қалдырған. Осы бір ауыз сөздің салмағы бүгін де өзгерген жоқ. Ел іші тыныш болса, береке де, ырыс та бірге жүреді.

Сондықтан береке мен бірлік – кез келген халық үшін ең қымбат қазына. Ал, қазақ үшін бұл тіпті ерекше маңызды. Себебі, біз кең даланы мекендеген, тарихы терең, жері бай, бірақ саны аз халықпыз. Осындай елге бірлік ауадай қажет.

Қазір дүние қатты өзгеріп жатыр. Ғылым да, техника да күн сайын алға басуда. Соған қарай адамдардың тарихқа деген көзқарасы да жаңарып келеді. Ескі деректер қайта қаралып, жаңа мәліметтер пайда болуда. Бұл – заңды құбылыс.

Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алтын Ордаға арналған халықаралық жиында тарих туралы маңызды ой айтқан еді. Президенттің сөзі өте мәнді:«Тарихты зерттеу дегеніміз – өткенмен өмір сүру немесе көнені көксеу емес. Түп-тамырымызды толық танып-білу арқылы ұлт дамуының көкжиегін кеңейту қажет».

Бұл – тарихқа жаңаша көзқараспен қарап, оны ғылыми тұрғыдан зерделеу қажеттігін білдіретін маңызды тұжырым.

Шынында да, қазақ халқының тарихы бір күнде немесе бір ғасырда қалыптасқан жоқ. Оның бастауы мыңдаған жылдардың тереңінде жатыр. Біздің жерімізді ерте заманнан бері сан алуан тайпалар мен қауымдар мекендеп келген. Археологтар тапқан деректер соны айқын көрсетеді.

Солардың бірі – Солтүстік Қазақстандағы Ботай мәдениеті. Ғалымдардың айтуынша, бұл адамдар шамамен 5,5 мың жыл бұрын өмір сүрген. Олар жылқыны алғаш қолға үйреткен халықтардың бірі ретінде әлемге белгілі.

● АУДАНДЫҚ ҰЙЫМДАРДА

Жақында Ұйғыр аудандық ардагерлер ұйымының алқа мүшелері Е.Нұрсейтов, О.Мушрапилов, С.Қапаров Ақтам ауылының тұрғыны, 90 жасқа толып отырған тыл ардагері Сайдұлла Амутов ақсақалдың үйіне арнайы барып, тұрмыс жағдайымен танысып, аздаған сый - сияпатымызды көрсетіп қайтты.

**Мақшахатты еңбектің
рахаты**

Қалада тұратын ұрпақтары да құттықтауға келген екен. Бар саналы ғұмырын жүргізушілікке арнаған Сайдұлла ақсақал- бүгінде машахатты еңбегінің рахатын көріп отырған ауылына қадірлі жан. Жасының келгеніне қарамастан өз ауылындағы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жастарға ақыл-кеңесін айтып отырады. Сондықтан да ол жақында өтетін сайлау науқанынан да хабардар болып шықты. Құрылтай сайлауына барып, өз даусын беретінін айтты. Сондай-ақ үгіт-насихат жұмыстарына да қатысуға құлшыныс білдіріп отыр. Біздің келгенімізге алғысын айтып, батасын беріп шығарып салды. Ақсақал туралы жазылған «Алатау ардагері» газетін де ала барып, табыстап қайттық. Қаладан келген ұрпақтары да үлкен кісімен қимай қоштасып жатты. Еңбегінің арқасында жерлестерінің қадір-құрметіне бөленіп, Ақтам елді мекенінің ақылман абызы атанып отырған Сайдұлла Амутов-шын мәнінде ел мақтанышы!

**АЛТЫН ОРДА –
ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗ ТАРИХЫ**

Кең байтақ далада қола дәуірінде Андрон мәдениеті де өмір сүрді. Ол кезде адамдар мал бағып, темір мен қоланы өңдеуді үйренген. Қоныстар салып, өз тіршілігін қалыптастырған. Бұл – Ұлы Даланың өте ертеден-ақ өркениеті болғанын дәлелдейді.



Одан кейін бұл жерлерде сақтар мен ғұндар өмір сүрді. Олар ер жүрек, намысты халық болды. Ат үстінде күн кешіп, кең даланы қорғады. Батырлықты ту етіп, елін, жерін сақтап қалды. Олардың әскери өнері мен салт-дәстүрі кейінгі түркі халықтарының қалыптасуына үлкен ықпал етті.

Уақыт өте келе Ұлы Далада түркі тайпаларының дәуірі басталды. Түркі жұрты бір-біріне жақын, тілі де, тұрмысы да, салт-санасы да ұқсас еді. Сол заманда Түрік қағанаты құрылып, кейін Батыс Түрік қағанаты, Түргеш, Қарлұқ, Қарахан, Қимақ және Қыпшақ сияқты ірі мемлекеттер тарих сахнасына шықты.

Бұл мемлекеттер жай ғана ел билеген құрылым емес, тұтас бір өркениет болатын. Сол дәуірде ортақ тіл, ортақ мәдениет, ортақ дүниетаным қалыптасты. Бүгінгі қазақ тілі де сол көне түркі тілдерінің жалғасы. Нақты айтқанда, қазақ тілі – қыпшақ тобына жататын, сол көне түркі тілдерінің заңды жалғасы.

XIII-XV ғасырларда Ұлы Далада «Алтын Орда» атты алып мемлекет өмір сүрді. Бұл мемлекет Жошы ұлысының негізінде құрылып, Еуразияның кең аумағын қамтыды. Алтын Орда тек күшті әскери мемлекет ғана емес, сонымен бірге түрлі тайпалардың басын қосқан ортақ тарихи кеңістік болып жазбаларда таңбаланып қалды.

Оның құрамында қыпшақ, найман, керей, қоңырат, арғын, қаңлы, жалайыр және тағы басқа көптеген тайпалар өмір сүрді. Кейін осы тайпалардың басым бөлігі қазақ халқының құрамына енді. Сондықтан Алтын Орда дәуірі қазақ халқының қалыптасу жолындағы ең маңызды кезеңдердің бірі болып саналады.

XV ғасырдың орта шенінде Керей мен Жәнібек сұлтандардың бастауымен Қазақ хандығы құрылды. Бұл – қазақ халқының тарихындағы аса маңызды кезеңдердің бірі. Себебі, осы уақыттан бастап Ұлы Далада қазақ халқы өз алдына дербес хандық құрып, тәуелсіз ел ретінде тарих сахнасына шықты. Бірақ, Қазақ хандығы аяқ астынан пайда болған жоқ. Ол бұған дейінгі ғасырлар бойы қалыптасқан мемлекеттілік дәстүрінің заң-

ды жалғасы болды. Бұған дейін өмір сүрген Түркі дәуірі, Қыпшақ мемлекеті, Алтын Орда кезеңі – бәрі Қазақ хандығының құрылуына негіз болған тарихи сатылар еді.

Қазақ хандығының басты мұраты – елдің бірлігін сақтау, жердің

таралып, дала өміріне жаңа рухани бағыт берді. Сонымен бірге көне түркілік дәстүрлер де сақталып қалды. Осы екі арна араласып, бүгінгі қазақ мәдениетінің негізін қалыптастырды.

Егер тарихқа кеңірек көз салсақ, Алтын Орда бір ғана саяси құрылым

се, ел ішінде алауыздық көбейіп, береке кететін.

Бүгінгі Қазақстанда да мемлекеттің тірегі – тұрақты басқару жүйесі. Бұрынғыдай ру арасындағы немесе күшпен талас жоқ, қазір бәрі заң мен Конституцияға сүйенеді. Бірақ, негізгі ой сол күйі өзгермеген: елді ұстап тұратын нәрсе – тәртіп пен бір орталыққа бағыну.

Алтын Орда дәуірінде әр түрлі тайпалар бір жерде бірге өмір сүрді. Бұл бір жағынан күш болса, бір жағынан сынақ та еді. Егер бірлік болса – ел күшейеді, ал бірлік бұзылса – ел де ыдырай бастайды.

Бүгінгі Қазақстан да-көпұлтты, көпмәдениетті ел. Сондықтан бірлік мәселесі қазір де өте маңызды. Тарихтың сабағы өзгермеген: бірлігі бар елдің берекесі де болады.

Алтын Орда кезінде мемлекеттің негізгі табысы саудадан түскен. Ұлы Жібек жолы арқылы керуендер жүріп, қала мәдениеті дамыды, базарлар мен қалалар жанданды.

Бүгінгі Қазақстанда да экономика – ең басты салалардың бірі. Бұрын керуен жолы болса, қазір теміржол, мұнай-газ, өнеркәсіп және халықара-лық сауда бар.

Негізгі ұқсастық біреу: мемлекеттің күші оның экономикасы мен байланысында жатыр.

Алтын Орда кең аумақты басқарғандықтан, сыртқы қауіп пен көрші елдермен қарым-қатынас өте маңызды болған. Шекараны қорғау, көрші елдермен қарым-қатынас – басты міндеттердің бірі еді.

Бүгінгі Қазақстан да геосаяси жағынан маңызды аймақта орналасқан. Сондықтан бейбіт саясат ұста-ну, барлық елмен тең қарым-қатынас жасау – мемлекеттің тұрақтылығын сақтайтын негізгі жол.

Алтын Орда дәуірінде ислам діні кең таралып, халықтың рухани бірлігі күшейді. Сонымен бірге көне дала салты да сақталды. Осы екі бағыт араласып, кейінгі қазақ мәдениетінің негізін қалады. Бүгінгі Қазақстанда да сол рухани сабақтастық үзілген жоқ. Дәстүр, тіл, салт – бәрі тарихпен байланысып жатыр. Тек заман өзгерді, ал мазмұн сол қалпы сақталды.

Түйін сөз

Алтын Орда мен бүгінгі Қазақстанды салыстырғанда бір нәрсе анық көрінеді: тарих үзіліп қалған жоқ, тек өзгеріп, жаңарып отырған.

Бірі – көне дала мемлекеті; Екіншісі – тәуелсіз қазіргі ел. Бірақ, екеуін жалғайтын ортақ нәрсе бар: кең дала, бірлік идеясы, мемлекеттілік дәстүр және халықтың үзілмеген тарихи жады. Сондықтан Алтын Орда – тек өткен емес, ол бүгінгі Қазақстанның тарихи тамыры.

Біз өз тарихымызды білген сайын өз елімізді, өз тамырымызды жақсы түсінеміз. Тарихын білетін адам өз болашағын да дұрыс құра алады.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.

**СПОРТШЫ
АРДАГЕРЛЕР**



Шілде айының соңғы күндері аудан орталығы Шонжыда «Салауатты өмір салтын насихаттау» аясында зейнеткерлер арасында спорттың бильярд түрінен сайыс өтті.

Ардагер - зейнеткерлердің ұсынысы ауыл тұрғындары арасында кең қолдауға ие болды. Аудандық ардагерлер Е.Нұрсейітов ұйымдастырған жарысқа кәсіпкер - зейнеткер А. Маликов демеушілік жасады. Тартысты өткен аудандық сайыстың қорытындысы бойынша А. Маликов жүлделі 1 орын, О.Гаппаров 2 - ші, А.Имиров 3 - ші орынды иеленіп, аудандық ардагерлер ұйымының Алғыс хатымен марапатталды. Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсейітов осы аудандық сайысты өткізуге демеушілік танытқан кәсіпкер А. Маликовқа аудандық ардагерлер ұйымының «Алғыс хатын» табыстап, жылы лебізін білдірді. Ардагер - зейнеткерлер С.Касымов, А.Имиров, О.Гаппаров, С.Апизов, О.Мушрапиловтар осындай шара өткізуді ұйымдастырған ардагерлер ұйымы мен кәсіпкер А.Маликовқа рахметтерін айтып, жұмыстарына табыс тіледі.

Ұйғыр аудандық ардагерлер ұйымы.

СУ БЕТІНДЕ СЫНАПТАЙ СЫРҒЫҒАН...

Спорт – ұлт рухын көтеріп, елдің мерейін асқақтататын ең қуатты күштердің бірі. Әлемдік ареналарда көк Туымыз желбіреп, Әнұранымыз шырқалған сәтте әрбір қазақстандықтың жүрегін мақтаныш сезімі кернейтіні жасырын емес. Өйткені сол бір сәттің артында жылдар бойы төгілген маңдай тер, тынымсыз еңбек, қайсар мінез және туған елге деген шексіз сүйіспеншілік жатады.

«Чемпион болып тумайды, чемпион болып қалыптасады» деген қанатты сөз бекер айтылмаған. Спортпен тұрақты айналысқан әрбір адам қаншама қиындықты еңсеріп, тынымсыз жаттығу жасап, өз мүмкіндігін күн сайын дәлелдеуге тырысып бағады. Әсіресе, байдарка мен каноэда ескек есу спорты – ерекше төзімділікті, темірдей тәртіпті, асқан шеберлікті және қайсарлықты талап ететін спорт түрі. Су бетінде қарсыласпен ғана емес, желмен, ағыспен, уақытпен де жарысатын спортшылардың жеңісі – ерік-жігердің жемісі.

Осындай қайсар мінезімен ел мақтанышына айналып келе жатқан жас спортшылардың бірі Көкжиде ауылының тумасы Еркебұлан Қажымұратұлы десек ақиқаттан алшақ кетпеспіз, сірә.

Ол-көпбалалы отбасында тәлім-тәрбие алып, ер жеткен жігерлі азамат.

АРМАНҒА БАСТАЛҒАН АЛҒАШҚЫ
ҚАДАМ

Еркебұлан 2005 жылы табиғаты көркем Көкжиде ауылында дүниеге келді. Балалық шағы ауылдың кең даласында еңбекқорлық пен қарапайымдылықты бойына сіңірген ортада өтті. 2012 жылы ауыл мектебінің табалдырығын аттап, білім алумен қатар спортқа ерекше қызығушылық танытты. Күнделікті тынымсыз қозғалысты, жарысты, жеңісті жақсы көретін бозбала бірте-бірте спортты өмірінің басты мақсатына айналдырды.

Оның ерекше қабілетін байқаған ұстаздары мен бапкерлері үлкен спортқа бағыт берді. Осылайша 2017 жылы, бесінші сыныпты аяқтаған жасы Алматы қаласындағы Шаңырақ ықшам ауданында орналасқан Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернатына қабылданды.

Бұл жас спортшының өміріндегі ең жауапты кезеңдердің бірі еді. Ауылдан жырақта жүріп білім алу, қатаң тәртіпке бейімделу, күнделікті бірнеше сағат жаттығу жасау оңай болған жоқ. Бірақ Еркебұлан ешқашан қиындықтан қашқан емес. Керісінше, әрбір сынақты өзінің шыңдалуына берілген мүмкіндік деп қабылдады.

Спортта кездейсоқ жеңіс болмайды. Әрбір медальдің артында мыңдаған шақырым ескек есу, жүздеген жаттығу, сансыз төгілген тер жатыр.

Еркебұланның алғашқы республикалық жетістігі оқушылар арасындағы Қазақстан Республикасы біріншілігінде тіркелді. Байдарка мен каноэдан ескек есу спортында С-1 санаты бойынша 200 метрлік қашықтықта өнер көрсетіп, жүлделі ІІІ орынды иеленді.

Бұл нәтиже оның үлкен спорттағы алғашқы табыстарының бірі болды. Жас спортшыға бұл қола жүлде алтыннан да қымбат еді. Себебі дәл осы жарыс оның өз күшіне деген сенімін арттырып, алдағы жеңістерге жол ашты.

ЧЕМПИОНДЫҚҚА
АПАРҒАН ЖОЛ

2018 жыл Еркебұлан үшін табысты жылдардың бастамасы болды. Алматы облысының чемпионатында С-1 санаты бойынша 200 метрлік қашықтықта қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп, чемпион атанды.

Су бетінде сынаптай сырғып, мәреге бірінші болып жеткен сәт жас спортшының ғана емес,

оны тәрбиелеген бапкерлердің де еңбегінің жемісі еді.

Сол жылы Алматы қаласының ашық чемпионатында С-1 500 метр қашықтықта 2 минут 49,80 секунд көрсеткішімен күміс медаль жеңіп алса, 200 метрлік қашықтықта 1 минут 03,63 секунд нәтижесімен тағы да ІІ орын иеленді.

Осы жетістіктерден кейін Еркебұлан республикалық деңгейдегі жарыстарда тұрақты өнер көрсете бастады.

Қазақстан Республикасы оқушылар біріншілігінде С-2 санаты бойынша 200 метр қашықтықта 1 минут 03,90 секунд көрсеткішімен ІІІ орынға ие болды. Ал 500 метрлік қашықтықта 2 минут 48,81 секунд нәтижесімен тағы бір қола медальді қанжығасына байлады.

ЖЕҢІСТІ ЖЫЛДАР ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ

2019 жылы Алматы қаласының жастар чемпионатында 200 және 500 метрлік қашықтықтарда күміс жүлдеге ие болды.

2020 жылы Қазақстан Республикасы ұлттық құрамасы сапында өнер көрсетіп, С-1 санатындағы 200 және 500 метрлік қашықтықтарда екі бірдей күміс медаль жеңіп алды.

Бұл нәтижелер оның ұлттық құрамадағы орнының нығаюына және халықаралық жарыстарға жолдама алуына мүмкіндік берді.

Еркебұланның спорттық мансабындағы ең жарқын белес – 2023 жылғы Азия чемпионаты.

Байдарка мен каноэдан өткен додада ол бар күш-жігерін салып, ептілігін көрсетіп, қарсыластарына еш мүмкіндік қалдырмай, Азия чемпионы атанды.

Бұл жеңіс – сонау балалық шақтан басталған арманның орындалуы, ата-ананың ақ тілегі, бапкердің тынымсыз еңбегі және спортшының қайсар мінезінің жемісі.

Азия чемпионының тұғырына көтерілген сәтте көк Туымыз желбіреп, Әнұранымыз шы-



рқалды. Сол сәтте Еркебұлан туған жері – Көкжидені, Балқаш ауданын және күллі Қазақстанды әлемге таныта білді.

Жас спортшыға осындай жоғары жетістіктерінің нәтижесінде 2023 жылы Қазақстан Республикасының «Спорт шебері» атағы берілді.

Бүгінде ол Олимпиада резервінің республикалық колледжін «дене тәрбиесі және спорт жаттықтырушысы» мамандығы бойынша тәмамдап, болашақта өзі сияқты талантты



жастарды тәрбиелеуді мақсат етіп отыр.

Еркебұлан Қажымұратұлы – тек Көкжиде ауылының ғана емес, Балқаш ауданының мақтанышы.

Оның әрбір жеңісі ауыл балаларын спортқа жетелеп, жастарға «еңбек етсең бәріне қол жеткізуге болады» деген сенім ұялатады.

Із жеңіс ешқашан өздігінен келмейді. Оның артында маңдай тер, табандылық, тәртіп, төзім және үлкен жауапкершілік тұрады. Еркебұлан осы қасиеттердің бәрін бойына сіңірген жас спортшы екенін өзінің жетістіктерімен дәлелдеп келеді.

Ауылдан шыққан қарапайым жас жігіт бүгінде халықаралық ареналарда Қазақстанның көк байрағын желбіретіп жүр. Бұл – туған жердің де, ата-ананың да, бапкерлердің де зор еңбегінің нәтижесі.

АУЫЛ БАЛАСЫНЫҢ
СПОРТҚА КЕЛУІ

Әңгіме кейіпкерінің спорттағы жарқын жолына бастау болған жан – оның алғашқы жаттықтырушысы Владимир Владимирович еді. Бұл тағдырлы кездесу Көкжиде ауылының маңындағы «Ранды» каналында орын алған.



Бір күні Владимир суға шомылып, өзен бетінде еркін әрі шебер жүзіп жүрген ауыл баласын байқап қалады. Табиғи қабілетін бірден таныған тәжірибелі бапкер Еркебұланды қасына шақырып: «Балам, сенің су спортына ерекше бейімің бар екен. Егер ата-анаң келісімін берсе, сені болашақта чемпион етемін», – дейді.

Бұл сөз кез келген ата-ананы ойландыратыны анық. Бейтаныс адамға баласын сеніп тапсыру оңай емес еді. Сондықтан Еркебұланның

әкесі Қажымұрат пен анасы Ғанима алғашында жаттықтырушының ұсынысына күмәнмен қарап, рұқсат бермейді. Бұл 2016 жылдың жаз айында болған оқиға болатын.

Алайда, тағдыр олардың жолын қайта тоғыстырды. Бір жылдан кейін жазғы үш айлық демалыс кезінде Еркебұлан Алматы қаласына барады. Сол жерде Владимир Владимировичпен кездейсоқ кездесіп, екеуі ұзақ әңгімелеседі. Білікті бапкер ауыл баласының спортқа деген ынтасының әлі де сөнбегенін байқап, оның ата-анасымен қайта сөйлесуге бел буады. Болашағына алаңдаған әке мен ана үшін мұндай маңызды шешім қабылдау оңайға соқпады. Дегенмен ұлдарының арманы мен талпынысына тосқауыл болуды қаламаған олар ақыры жаттықтырушыға сенім артып, Еркебұланды оның қарамағына тапсырады.

Осылайша ауылдың қарапайым қара баласы үлкен қалаға қадам басып, өмірінің жаңа парағын ашады. Бұл оның спорттағы жарқын болашағына бастар алғашқы әрі ең маңызды қадам еді.

Көпбалалы отбасында тәрбиеленген Еркебұлан еңбекқорлықты мен төзімділігінің арқасында алғашқы қиындықтардың бәрін еңсере білді. Тынымсыз жаттығу мен қажырлы еңбектің нәтижесінде республикалық және халықаралық жарыстарда өзінің қарым-қабілетін дәлелдеп, жеңіс тұғырынан көріне бастады. Оның талантына тәнті болған екінші жаттықтырушысы Александр Павловский да жас спортшының шеберлігін шыңдап, үлкен белестерді бірге бағындыруға зор үлес қосты. Ал үшінші жаттықтырушысы Дмитрий Николаевич кәсіби тәжірибесі мен білікті тәлімінің арқасында жерлесіміздің халықаралық аренада еркін самғауына жол ашып, оның чемпион болып қалыптасуына сүбелі еңбек сіңірді.

Бүгінде Еркебұланның әрбір жетістігінің артында ата-анасының сенімі, алғашқы жаттықтырушысы Владимир Владимировичтің көрегендігі және кейінгі бапкерлерінің табанды еңбектері жатыр. Осындай жанашыр жандардың қолдауы мен спортшының қажырлы еңбегі ауылдан шыққан қарапайым баланы ел мақтанышына айналдырды.

Ауылдың қарапайым бозбаласы қаланың қарбалас тіршілігіне бірден бейімделіп кетуі оңай болған жоқ. Осындай сындарлы кезеңде Еркебұланға бағыт-бағдар беріп, ақыл-кеңесін аямаған, барымен бөлісіп, қамқорлық танытқан Алматы қаласындағы Шаңырақ -1 ықшам ауданының тұрғындары, әкесінің бажасы Аманжол мен анасының әпкесі Гүлмираның еңбегі ерекше. Олар Еркебұланға тек қолдау көрсетіп қана қоймай, қиындықтарды еңсеруге жігер беріп, қала өміріне тезірек бейімделуіне үлкен септігін тигізді.

Көпбалалы, берекесі мен бірлігі жарасқан отбасында тәлім-тәрбие көріп өскен Еркебұланның алдында әрдайым қамқор болып, ақыл-кеңесін аямайтын екі ағасы бар. Өзінен кейін бір інісі мен аяулы қарындасы өсіп келеді. Ата-анасының мейірімі мен отбасының жарамсызды тәрбиесін бойына сіңіріп өскен ол бауырларына әрдайым үлгі болып, еңбексүйгіштік пен табандылықтың жарқын өнегесін көрсетіп келеді.

Спортшының бағындырар белестері әлі алда. Алдағы уақытта әлем чемпионаттары мен Олимпиада ойындарында ел намысын абыроймен қорғап, Қазақстанның мәртебесін асқақтата беретініне сенім мол.

Жас спортшыға толағай табыс, мықты денсаулық және жаңа жеңістер тілейміз. Оның жеңісті жолы қазақ жастарына әрдайым үлгі болып қала бермек.

Бақтығали
МЕЙРАМБЕКҰЛЫ,
Балқаш ауданы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

А вирусты гепатитінің
алдын алу

А вирусты гепатиті (Боткин ауруы) – бауырды зақымдайтын жұқпалы ауру. Оның қоздырғышы – А гепатиті вирусы. Ауру көбіне лас қол, ластанған су мен тағам арқылы жұғады. Сондықтан оны «лас қол ауруы» деп те атайды.

А гепатитінің жасырын кезеңі орта есеппен 15–50 күнге созылады. Негізгі белгілері:

- дене қызуының көтерілуі;
- әлсіздік, тез шаршағыштық;
- тәбеттің төмендеуі;
- жүрек айну, құсу;
- іштің оң жақ қабырға астындағы ауырсынуы;
- зәрдің қоюланып, нәжістің ағаруы;
- тері мен көздің ақ қабығының сарғаюы.

А вирусты гепатитінің алдын алуда қарапайым гигиена ережелерін сақтау өте маңызды:

- қолды сабынмен жиі және мұқият жуу, әсіресе дәретханадан кейін және тамақ ішер алдында;
- тек қайнатылған немесе қауіпсіз ауыз суды пайдалану;

- жеміс-жидек пен көкөністі мұқият жуу;
- тағамды дұрыс сақтап, толық пісіру;
- жеке бас гигиенасын сақтау;
- санитариялық талаптарды сақтау.

Вакцинация – ең тиімді қорғаныс! А вирусты гепатитіне қарсы вакцина аурудың алдын алудың ең сенімді әдісі болып табылады. Вакцина ағзада ұзақ мерзімді иммунитет қалыптастырып, аурудан тиімді қорғайды. Балаларды ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес уақытында вакцинациялау маңызды.

А вирусты гепатит – алдын алуға болатын жұқпалы ауру. Әр адам жеке бас гигиенасын сақтап, қауіпсіз су мен сапалы тағам тұтынса және вакцинациядан уақытылы өтсе, бұл аурудың таралуының алдын алуға болады. Өз денсаулығыңызға жауапкершіліктен қарап, ауру белгілері байқалған жағдайда дереу дәрігерге қаралыңыз.

ХАЛЫҚТЫ ЖОСПАРЛЫ
ИММУНДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жоспарлы иммундау – жұқпалы аурулардың алдын алуға арналған ғылыми дәлелденген және тиімді профилактикалық шара. Вакцина ағзаға ауру қоздырғышының әлсіретілген немесе белсенді емес бөлшектерін енгізу арқылы иммундық жүйені сол инфекцияны тануға және оған қарсы қорғаныс (антиденелер) қалыптастыруға үйретеді. Кейін адам сол аурумен кездескен жағдайда иммундық жүйе оны тез жойып, ауыр асқынулардың дамуына жол бермейді.

Жоспарлы вакцинацияның арқасында шешек ауруы дүниежүзінде толық жойылды, ал полиомиелит, дифтерия, қызылша, көкжөтел, сіреспе, қызылша, эпидемиялық паротит, В вирусты гепатиті және туберкулез сияқты қауіпті аурулардың таралуы айтарлықтай азайды. Вакцинация балаларды мүгедектікке, өмірге қауіп төндіретін асқынуларға және өлім-жітімге әкелетін инфекциялардан қорғайды.

Жоспарлы иммундаудың тағы бір маңызды артықшылығы – ұжымдық иммунитеттің қалыптасуы. Халықтың көп бөлігі вакцина

алған кезде инфекцияның таралу тізбегі үзіліп, вакцина ала алмайтын адамдар (жаңа туған нәрестелер, жүкті әйелдердің кейбір тобы, иммунитеті әлсіреген науқастар) да жанама түрде қорғалады. Осылайша, қоғамда жұқпалы аурулардың өршу қаупі төмендейді.

Қазақстан Республикасында жоспарлы иммундау Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес жүргізіледі. Балаларға өмірінің алғашқы күнінен бастап жас ерекшелігіне қарай түрлі вакциналар тегін егіледі. Вакциналарды белгіленген мерзімде алу – олардың тиімділігінің негізгі шарты.

Жоспарлы иммундау – әр адамның денсаулығын сақтаудың ғана емес, бүкіл қоғамның инфекциялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды жолы. Уақтылы вакцина алу ауыр жұқпалы аурулардың, олардың асқынуларының және таралуының алдын алады.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының
бастығы

АЛАТАУ Ардагері Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады	БАС РЕДАКТОР: Роза Айдарбекова Тел.: 8 777 251 9310	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.	Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы Директор: Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ	ТІЛШІЛЕР: Алтынбай Сықымбек Тел.: 8 705 965 3661 Рамазан Елешев Тел.: 8 747 706 1334	«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.	Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.
		Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады. Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.	МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1. «Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 4273 Тапсырыс №1772 Индексі – 65472.